

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан университеті**

**М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА
АРНАЛҒАН**

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАР-КІТАПШАСЫ

Петропавл, 2020

МАЗМҰНЫ

М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ-ДЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ.....	5
СТУДЕНТТІК ҚАЛАШЫҚ СЫЗБАСЫ.....	6
АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ (СІЛТЕМЕ).....	7
М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ (СІЛТЕМЕ).....	7
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ТҮРЛЕРІ, ДЕҢГЕЙЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	8
УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ (СІЛТЕМЕ)	12
СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ОРТАЛЫҒЫ.....	13
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	16
БІЛІМДІ БАҒАЛАУ	17
ҮЛГЕРІМНІҢ АҒЫМДЫҚ БАҒАЛАУЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУ ТӘРТІБІ.....	21
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯСЫ	22
ЕМТИХАНДАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ.....	23
ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША АПЕЛЛЯЦИЯ.....	23
ЕМТИХАН СЕССИЯСЫН ЖЕКЕ ТАПСЫРУ ШАРТТАРЫ.....	24
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ЖОЮ.....	25
ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАНЫ ШЫҒАРУ	25
ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР.....	27
СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ	28
АУЫСУ, ҚАЙТА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАНУ, ОҚУДАН ШЫҒАРЫЛУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС АЛУ	28
ШӘКІРТАҚЫЛАР	33
ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ	34
БОС ГРАНТАР	35
М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ РЕКТОРЫНЫҢ ГРАНТЫ	35
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГРАНТ	36
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ	37
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ.....	39

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ (ТЖӘИ)	40
ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ (ТЭҚФ).....	40
МЕДИЦИНАНЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ (МЖМ).....	40
АГРОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ (АФ).....	40
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ (МЖҒФ).....	40
ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ (ПФ)	40
ИНЖЕНЕРЛІК ЖӘНЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ (ИСТФ)	40
«FOUNDATION» ФАКУЛЬТЕТІ	40
КІТАПХАНА	40
М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ-ДА ОҚИТЫҢДАРҒА ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН БЕРУ	41
«СҰҢҚАР» СПОРТ КЛУБЫ:	42
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ПУНКТИ.....	43
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	44
М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ МҰРАЖАЙЫ	44
СТУДЕНТТІК КЛУБ.....	44

Құрметті білім алушы!

Құттықтаймын! Сіз біздің жоғары оқу орнына түсе отырып, дұрыс тандау жасадыңыз.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті бүгінде көп жылдық тарихы, мықты ғылыми негізі мен даңқты дәстүрі бар, өз қызметінде ұрпақтар тәжірибесі мен жастардың әлеуетін табысты үйлестіре отырып серпінді дамып келе жатқан жоғары оқу орны, ол Қазақстанның үздік көп салалы жоғары оқу орындары қатарына енеді. Университет қабырғасында қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулер жүргізіледі, жаңа білім беру технологиялары сыналады. Біз әрбір білім алушының әлеуетін заманауи маманға қойылатын талаптарға сәйкес ашуға ұмтыламыз.

Біздің университет білім беру, гуманитарлық ғылымдар, құқық, өнер, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, жаратылыстану ғылымдары, техникалық ғылымдар және технологиялар, ауылшаруашылық ғылымдары, қызмет көрсету салаларында кадр дайындауды жүзеге асырады және Қазақстанның солтүстік аймағындағы үздік жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Жоғары оқу орнында сапалы білім беру үшін қажетті жағдайлардың бәрі жасақталған. Техникалық сала мамандарын дайындаудың жоғары деңгейі ASIIN неміс агенттігімен және Quacquarelli Symonds рейтинг агенттігімен расталған.

Университеттің білім беру қызметінің басты жетістігі дипломдарды халықаралық деңгейде мойындауды қамтамасыз ететін академиялық бағдарламалардың икемділігін қарастыратын оқытудың кредиттік технологиясы негізгі қағидаларының сәтті жүзеге асырылуы болып табылады.

Оқытудың кредиттік технологиясына көшірілуі білім алушылар үшін жоғары оқу орны, мамандықтар, құрылымдық бөлімшелер, оқу үдерісінің ұйымдастырылуы мен білімді бағалау жүйесі, өздігінше дайындық шарттары туралы толық ақпараттың қолжетімділігін қарастыратындығын білдіреді. Аталмыш ақпараттың қолжетімділігін қарастыратындығын білдіреді. Аталмыш ақпараттың қолжетімділігін қарастыратындығын білдіреді. Аталмыш ақпараттың қолжетімділігін қарастыратындығын білдіреді. Аталмыш ақпараттың қолжетімділігін қарастыратындығын білдіреді.

Біз студенттеріміз білім алушының әдеп кодексін, академиялық адалдық ережелерін, университет Жарғысын, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті жемқорлыққа қарсы стратегиясы ережелерін сақтағап, жоғары оқу орны беделін қолдағанын және оның дамуына септігін тигізгенін, жақсы оқығанын, басқа адамдардың ар-намысына құрмет көрсеткенін қалаймыз.

Біз университеттің Сізге ұсынатын барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, жоғары білікті маман болатыныңызға және өз кәсібіңізде биік белестерге қол жеткізетініңізге сенеміз!

М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ-дың ӘДЕП КОДЕКСІ

Көпғасырлық тарих барысында университеттер тек білім беру мен зерттеу қызметін ғана емес, студенттердің мәдени және азаматтық тәрбиесінен білім алу процесін бөлмей, біртұтас философия аясында дүниетанымды қалыптастыру мен маманданған даярлық бірлігін сақтай отырып этикалық нормалар мен құндылықтарды дамыту мен таратуды өз миссиялары ретінде санады.

Қазіргі білім беру кеңістігі университеттердің әртүрлілігімен сипатталады, бірақ олардың мәні біртұтас болып қалады: олар зияткерлік элитаның ақыл-ойын қалыптастырады және біріктіреді, интеллигенция қатарын сақтайды және кеңейтеді, қоғамның жасампаз күштерін нығайтады және дамытады. Жаһандану жағдайында өзекті демократиялық және әлеуметтік құндылықтардың жолсерігі ретінде университеттердің маңызы өсуде, соның ішінде – өзін-өзі көрсету және бірлестіктер еркіндігі, қол жеткізу теңдігі, қоғам алдындағы жауапкершілік, заң билігі, ақиқат үшін ақиқатқа ұмтылу, жоғары білім беруде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және қарсы тұру.

Жоғары білімнің осы құндылықтарына қосылып, университет миссиясын қолдап және өзінің бар күшін оның жүзеге асыруына бағыттай отырып, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің академиялық қоғамдастығының мүшелері Этикалық кодексті институционалдық және корпоративтік мәдениеттің, сондай-ақ сапа мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қабылдау қажеттілігін мойындайды.

Этикалық кодекстің қолданылу саласы:

1) Мақалалардан тұратын осы нормативтік құжат «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» БАҚ (бұдан әрі – университет) моральдық-этикалық принциптерін, нормаларын, мінез-құлық және іскерлік қарым-қатынас ережелерін қамтиды.


2) Бұл Кодекс білім алушыларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және университет қызметкерлеріне (бұдан әрі – академиялық қоғамдастықтың мүшелеріне) арналған.

3) Этикалық кодекс университеттің академиялық мәдениетін қалыптастыруға, академиялық қауымдастық мүшелерінің арасында Университеттің тиімді білім беру қызметіне және перспективалық дамуына ықпал ететін өзара сыйластық пен сенім атмосферасын құруға бағытталған.

4) Академиялық қауымдастық мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны және университет миссиясын іске асырудағы рөлі үшін жеке жауапкершілігін арттыру. Бұл Кодекс университеттің ішкі құжаты болып табылады, ол әр адам үшін қол жетімді және университеттің ашықтығы қағидасына қызмет етеді.

5) Академиялық қоғамдастықтың әрбір мүшесі жұмысқа қабылдануы немесе оқуға түсуі кезінде осы Кодекспен таныстырылуы тиіс (Кодекске сілтеме).

СТУДЕНТТІК ҚАЛАШЫҚ СЫЗБАСЫ



**ОҚУ КОРПУСТАРЫ
ЖАТАҚХАНАЛАР
ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНАЯ КӨШ.
ПУШКИН КӨШ.
АБАЙ КӨШ.
ЖҰМАБАЕВ КӨШ.**

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Академиялық саясаты – академиялық адалдық, ішкі сапа кепілдігі, инновация және интернационализация қағидаларына негізделген.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Академиялық саясаты студенттерге бағытталған білім беруді жүзеге асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар мен ережелер жүйесін білдіреді.

Академиялық саясат білім беру бағдарламаларын таңдау саясатын; оқуға қабылдау саясатын; университеттің академиялық қауымдастығының өзара қарым-қатынас саясатын; білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу саясатын; оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру саясатын; кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу және практика базасы ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) анықтау саясатын; білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатын; қайта оқуға қабылдау, ауыстыру, оқудан шығару және академиялық демалыстар беру саясатын; академиялық ұтқырлық саясатын, интернационалдандыру саясатын; дуальді оқыту элементтерін іске асыру саясаты; кәсіптік бағдарлау саясатын, түлектердің жұмысқа орналасуы және олардың мансаптық өсуін қамтамасыз ету саясатын қамтиды.

Академиялық саясат университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың орындауы үшін міндетті.

Академиялық саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және жоғары оқу орнының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес университеттің лауазымды тұлғаларына, ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларына тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға негіз болып табылады.

М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ <https://www.nkzu.kz/DocDb/doc/get?id=1216>

Академиялық әділетсіздік түрлері

Академиялық әділетсіздік ұғымында ғылыми және білім беру қызметімен байланысты кез келген алаяқтық немесе алдау түрі түсініледі.

Академиялық әділетсіздік түрлеріне жатады:

- Плагият (бөтен біреудің зияткерлік меншігін иемдену). Плагият түрлі формаларда көрінуі мүмкін:

- ✓ өз атымен бөтен идеялардың, тұжырымдардың, аргументтердің, мәтін фрагменттерінің немесе тұтас мәтіндердің нақты авторы мен дерек көздерін көрсетпей дәл немесе түрлендірілген мағынада пайдаланылуы;

- ✓ дереккөзді тиісті пунктуацияны (тырнақшаларды) пайдаланбай және/немесе дереккөзді көрсетпей дәйексөздеу;
- ✓ ғаламтордан алынған реферат, эссе, курстық / дипломдық, магистрлік жұмысты ұсыну. Өзінің алдыңғы зерттеулерінің нәтижелерін жана жұмысқа енгізген кезде осы зерттеулерге немесе басқа курстар аясында әзірленген эсселерге жаңа жұмысты жазу барысында сілтеме жасау қажет
 - Бірлескен зерттеулердің нәтижелерін беру. Бұл тәртіп бұзушылықты болдырмау үшін бірлескен жобалармен жұмыс істеген жағдайда әрбір білім алушы жұмыстың қандай бөлігін өзі орындағаны, ал қай бөлігі белгілі бір (аты жазылған) тұлғалармен бірге орындалғанын көрсетуге міндетті.

Зерттеудің, оның ішінде білім алушының біліктілігінің төмендігі және/немесе ұқыпсыздығы себебінен теріс пиғылды.

- Басқа білім алушылардың жұмысына кедергі жасау.
- Алдау.
- Сөз байласу.
- Фальсификация.
- Алаяқтық.
- Сыбайлас жемқорлық және ақылы қызметтерді пайдалану.
- Жазбаша жұмыстарды ұсыну, бағаланатын жұмыстарды және емтиханда орындау кезінде ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану.
- Ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу.
- Имперсонация

Академиялық әділетсіздік түрлерінің аталмыш тізімдемесі толық болып табылмайды және қажеттілігіне қарай толықтырылуы мүмкін.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ТҮРЛЕРІ, ДЕНГЕЙЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Университетте академиялық адалдық саясатын бұзу білім беру үдерісінің сапасын төмендетуге алып келеді, кемелденген, жоғары оқу орнында оқуға дайын тұлғаның дамуын қамтамасыз етпейді, білім алушылардың өз бетінше ой толғауына, көптеген фактілер мен көзқарастарды талдай отырып, оларды сыни бағалауға негізделген өз көзқарастарын қалыптастыруына кедергі жасайды.

Академиялық адалдықтың бұзылуы білім алушы, ПОҚ, университет қызметкерлері өздерінің заңға қарсы әрекеттерін түсіне тұрып, бірақ сол әрекеттерді жасаған сәтінен басталады.

Академиялық әділетсіздіктің кез келген түрі анықталған жағдайда, осы бұзушылықты анықтаған адам тарапынан (оқытушы, ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі, декан / институт директоры, эдвайзер (куратор), қызметкер, университет әкімшілігінің өкілі немесе басқа тұлға) академиялық адалдық ережелерінің бұзылуы туралы Акт жасалады.

Тиісті дәлелдермен бірге академиялық адалдық ережелерін бұзу туралы Акт және білім алушының жұмысы (білім алушылардың) академиялық адалдық

анықталған күні немесе келесі күні Әдеп жөніндегі комиссия төрағасының назарына жеткізіледі. Болжамды тәртіп бұзушылыққа қатысты барлық дәлелдемелер әдеп жөніндегі комиссия төрағасына бергенге дейін академиялық әділетсіздік фактісін анықтаған тұлғада сақталуы тиіс.

Әдеп жөніндегі комиссия төрағасы тарапынан әдеп жөніндегі комиссиясы шақыртылады, отырысқа академиялық адалдық ережелерін бұзу туралы акт жасалған адам шақырылады.

Әдеп жөніндегі комиссияның отырысы дауыс беру құқығы бар кемінде 2/3 мүшелері болған жағдайда өткізіледі.

Әдеп жөніндегі Комиссия академиялық адалдық ережелерін бұзу туралы актімен, болжамды тәртіп бұзушылықтарға қатысты дәлелдемелермен танысады, осы Ережені басшылыққа ала отырып, академиялық адалдық ережелерін бұзу туралы акт жасалған тұлғаның академиялық әділетсіздік түрін, тәртіп бұзушылық деңгейін және жауапкершілігін анықтайды.

Әдеп жөніндегі комиссияның барлық шешімдері отырыстарда ашық дауыс беру жолымен, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Әдеп жөніндегі комиссия отырысы хаттамаланады. Әдеп жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі түріндегі Әдеп жөніндегі комиссияның шешімі Академиялық адалдық ережелерінің бұзылуы туралы акт жасалған тұлғаның назарына жеткізіледі.

Әдеп жөніндегі комиссияның қызметіне араласуға жол берілмейді.

Академиялық адалдық ережелерінің бұзылуы туралы акт, әдеп жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі негізінде факультет деканы тарапынан Академиялық адалдық ережелерін бұзуға жол берген тұлғаға қатысты санкция шығаруға ұсынысхат дайындалады. Деканның ұсынысхаты негізінде ректордың Академиялық адалдық ережелерін бұзуға жол берген тұлғаға қатысты санкциялары туралы бұйрығы шығарылады.

Білім беру үдерісіне қатысушылар өздерінің академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін жауапты екендіктерін есте сақтауы және түсінуі тиіс.

Академиялық адалдықтың бұзылуы төмендегідей жағдайларда анықталуы мүмкін:

- ағымдағы бағалауды өткізу кезінде;
- қорытынды бағалауды өткізу кезінде;
- академиялық үдерістің басқа кезеңдерінде.

Бұзу қасақана немесе әдейі болмауына табылатындығына, бірінші рет немесе қайталанған болуына байланысты тәртіп бұзушыға төмендегідей санкциялар қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- ұсынылған жұмыстың немесе тапсырылатын емтиханның бағасын қанағаттанарлықсыз деген бағаға дейін төмендету;
- қосымша жазбаша жұмыс тағайындау;
- пәнді қайта оқу;
- ректордың грантынан немесе академик М. Қозыбаев грантынан айыру;
- басқа ұйымдарға сұраныс жасаған кезінде (гранттарға, атаулы шәкіртақыларға, жарияланымдарға, конференцияларға және т. б. қатысуға өтініштер.) 1 жылға дейінгі мерзімге М. Қозыбаев атындағы СҚУ қолдауынан бас тарту;
- 1 жыл мерзімге университеттен шығару;
- қайта оқуға қабылдану құқығынсыз университеттен шығару.

Білім алушыларға қатысты басқа білім алушылардың жұмысына кедергі келтіру немесе білім алушыны алдау фактілері бірінші рет анықталған жағдайда ескерту жарияланады, мұндай жағдай қайталанатын болса білім алушыға оның жеке ісіне енгізіле отырып сөгіс беріледі.

Білім алушыларға қатысты плагиат фактілері алғаш рет анықталған жағдайда білім алушыға ескерту жасалады және ол өз жұмысындағы плагиатты жоюға міндетті.

Плагиат фактілері қайта анықталған жағдайда білім алушы ректор грантынан немесе академик М. Қозыбаев грантынан айырылады, басқа ұйымдарға сұраныс жасаған кезінде (гранттарға, атаулы шәкіртақыларға, жарияланымдарға, конференцияларға және т. б. қатысуға өтініштер.) 1 жылға дейінгі мерзімге М. Қозыбаев атындағы СҚУ қолдауына ұсынған өтініші қабылданбайды. Тәртіп бұзушылық тағы қайталанған жағдайда білім алушы 1 жыл мерзімге университеттен шығарылады.

Білім алушыларға қатысты бірінші рет сөз байласу фактілері анықталған жағдайда, бұрмалау, зерттеудің адал еместігі, жазбаша жұмыстарды ұсыну, бағаланатын жұмыстарды және емтиханды орындау кезінде ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдаланғаны үшін бағаны төмендету немесе тапсырылатын емтиханға қосымша жазбаша жұмыс тағайындау, егер ағымдағы бақылау аясында баға қанағаттанарлықсыз деңгейге дейін төмендетілсе немесе емтихандағы бағасы қанағаттанарлықсыз болса пәнді қайта оқу туралы шешім қабылданады.

Сөз байласу, ақпаратты бұрмалау, зерттеудің адал еместігі, білім алушы ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану фактілері қайта анықталған жағдайда білім алушы ректордың грантынан немесе академик М. Қозыбаевтың грантынан айырылады, сондай-ақ егер аталған Академиялық әділетсіздік

фактілері ағымдағы бақылау аясында анықталса, онда білім алушы пәнді қайта оқиды, көрсетілген фактілер аралық бақылау аясында анықталған жағдайда білім алушы 1 жыл мерзімге университеттен шығарылады.

Білім алушыларға қатысты бірінші рет ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, имперсонация, бірлескен зерттеулердің нәтижелерін беру туралы фактілері анықталған жағдайда білім алушыға сөгіс жарияланады және ол ректор грантынан немесе академик М. Қозыбаев грантынан айырылысады.

Ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, имперсонация, бірлескен зерттеулердің нәтижелерін тағайындау фактілері қайта анықталған жағдайда білім алушы оқуға қайта қабылдау құқығынсыз оқудан шығарылады.

Сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық фактілері анықталған жағдайда білім алушы қайта қабылдау құқығынсыз оқудан шығарылады.

Білім алушылардың академиялық әділетсіздігінің барлық нәтижелері студенттердің, магистранттардың, докторанттардың оқыту нәтижелерін тіркейтін транскриптерде, анықтамаларда, жеке істер мен өзге де құжаттарда көрсетіледі.

УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ

Университет жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтерін ұсынады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, Болон декларациясына және білім беру саласындағы басқа да халықаралық құжаттарға сәйкес жоғары оқу орны 2004 жылдан бастап оқытудың үш деңгейін (бакалавриат – магистратура – докторантура) қамтитын және студенттерге жеке білім алу траекториясы мен оқытушыларды таңдауды қамтамасыз ететін оқытудың кредиттік технологиясын жүзеге асыра бастады.

Университет бакалавриат дайындаудың 29 бағыты бойынша (69 білім беру бағдарламасы), магистратура дайындаудың 19 бағыты бойынша (61 білім беру бағдарламасы), PhD докторантурасын дайындаудың 4 бағыты (6 білім беру бағдарламасы) мен интернатура бағдарламасы мамандар әзірлеуді жүзеге асырады.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ ББ тізімдемесі университеттің www.nkzu.kz (сілтеме) сайтында, «Білім беру» бөлімінде және ҚР БжҒМ Болон процесі Орталығы мен академиялық ұтқырлық сайтында орналастырылған ББ реестрінде орналастырылған.

Жоғары оқу орны дамыған материалдық-техникалық базамен қамтылған. Бүгінгі таңда біздің университетте қашықтықтан оқыту технологиясы қолданыла отырып жүзеге асырылатын студенттерге сырттай оқыту формасы жүргізіледі. Қазіргі уақытта барлық факультеттер мен тіл және әдебиет институтында Сіздердің зияткерлік дағдыларыңызды дамытуға және кәсіби күзінеттіліктеріңізді белсенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін электронды анықтамалық жүйелер, шынайы-виртуалды зертханалар, мультимедиялық лингафондық кабинеттер жабдықталған, компьютерлік сыныптар, мамандандырылған зертханалар және басқа көптеген алуан түрлі бақылаушы және білім беру бағдарламалары белсенді түрде пайдалады.

Білім алушылардың практикасының барлық түрлері облыстың кәсіпорындарымен, ұйымдары және мекемелерімен жасалған келісімшарттар негізінде ұйымдастырылады. Сондай-ақ, практика базалары ретінде жоғары оқу орнының ғылыми зертханалары қолданылады. Оқу практикалары «Мирас» оқу-өндірістік кешенінде және арнайы полигондары бар қала сыртындағы Агроблюстанцияда жүргізіледі.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да мемлекеттік тілде кадр даярлау мәселелеріне баса назар аударылады. Университеттегі оқу үдерісі қазақ тіліндегі білімді қалыптастыруға және оны дамытуға бағытталған.

Үштілді білім беруді және үш тілді меңгерген жаңа форматтағы мамандарды даярлауды енгізу мақсатында бакалавриат пен магистратураның бірқатар топтарындағы білім алушыларды үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) оқыту жүргізілуде.

Университетте Сіздің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға арналған жағдай жасалған. Жастар ісі жөніндегі комитет, студенттік өзін-өзі басқару, Қазақстан студенттері Альянсының бөлімшесі, ойын-сауық және спорттық бірлестіктер, КТА жұмыс істейді. Ғылыми конференциялар, семинарлар, олимпиадалар, байқаулар өткізіледі, ғылыми журналдар баспадан басылады, студенттік газеттер, телебағдарламалар шығарылады.

Ғылыми және қоғамдық қызметке белсене араласатын оқу озаттарына Президенттік шәкіртақы тағайындалады. Білім алушылардың қызығушылығын ынталандыру және олардың оқу, ғылыми және қоғамдық қызметтеріндегі жетістіктерін қолдау үшін 2011 жылдан бастап академик М.Қозыбаев атындағы грант және ректордың гранты тағайындалады.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту және университетке дәріс оқу үшін шетел ғалымдарын тарту мақсатында алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас жасайды.

Университетте <http://www.nkzu.kz> мекен-жайы бойынша білім беру порталы жұмыс істейді, оның негізгі мақсаты университеттің оқу үдерісіндегі, басқарушылығы, әлеуметтік және тәрбие жұмысындағы істердің өзекті жағдайлары мен оның даму бағыттары туралы студенттердің, оқытушыларыны және аймақ жұртшылығының хабардар болуын арттыру болып табылады .

Порталда Сіз білім алушының анықтамалық ақпар-кітапшасымен, академиялық күнтізбемен, оқу сабақтарының кестесімен, элективтік пәндер каталогымен, өз біліміңіздің рейтингілік бағалану нәтижелерімен, оқу жетістіктеріңіздің жеке нәтижелерімен танысып, курстық немесе дипломдық жұмыстың тақырыптарын таңдай аласыз. Сіз үшін оқытушылардың әдістемелік парақшалары, олардың жетістіктері қолжетімді, сіз оқу үдерісін жетілдіру бойынша өз тілектеріңізді және ұсыныстарыңызды білдіре аласыз, компьютерлік сыныптардың бос еместігі туралы ақпарат ала аласыз, өткізілетін конференциялар, семинарлар туралы, мақала жариялау мүмкіндіктері туралы біле аласыз, академиялық ұтқырлық аясында білім алу бойынша ұсыныс ала аласыз, ректордың гранты мен академик М.Қозыбаев грантын алу жайлы, студенттік шәкіртақы мен Тұңғыш Президент Қоры шәкіртақысының тағайындалу туралы ережелермен таныса аласыз. Сондай-ақ, мұнда оқу пәндері бойынша тестілеуден өтуге, үлгерім бойыша сараптау нәтижелерін білуге, психологиялық консультация алуға және жаз мезгілінде жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жайлы білуге болады.

СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығы М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың оқу-білім беру үдерісіне қызмет көрсету үшін білім алушылар мен түлектердің өтініштерін қабылдаумен, білім алушылар мен

түлектерге ақпараттық-консультациялық көмек көрсетумен, оқу-білім беру үдерісіне қызмет көрсету мониторингісімен, оқу пәндеріне жазылуды, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастырумен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің барлық барысын жүргізумен айналысатын құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығында Сіз төмендегідей қызмет ала аласыз:

- 1) Оқу үдерісіне қатысты бойынша консультация алу.
- 2) Оқу пәндеріне тіркеу бойынша консультация алу.
- 3) Өзінің жеке оқу жоспары бойынша.
- 4) Транскрипт.
- 5) Білім алатын орнынан анықтама (МЗТО, талап етілген орны бойынша, әскери комисариатқа ұсыну үшін).
- 6) Білім алушы билетінің дубликаты (студенттің, магистранттың, докторанттың, интерннің) және ол жоғанған жағдайда қайта әзірлеу бойынша.
- 7) NKZU NET ішкі желі пайдаланушысы картасының дубликаты.
- 8) Емтиханға жолдама.
- 9) Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау бойынша консультация.
- 10) Жазғы семестр, оның өткізілу мерзімі туралы консультация.
- 11) Аяқталмаған жоғары оқу орны туралы транскрипт.
- 12) Диплом және дипломның қосымшасы (дипломның салтанатты берілуіне келмегендердің).

Сіз біле аласыз:

- 1) Оқуға қайта қабылдану, ауысу, академиялық демалыстан шығу барысындағы оқу жоспарларының айырмашылығын.
- 2) Оқуға қайта қабылдану, ауысу, академиялық демалыстан шығу барысындағы академиялық айырмашылықтарды жою және оқуға қабылданатын курсты.

Сіз ресімдей аласыз:

- 1) Білім беру қызметін көрсету шарты.
- 2) Білім беру қызметін көрсету шартына қосымша келісімшарт.
- 3) Қосымша білім беру қызметін көрсету шарты.

Сіз төмендегідей өтініштерді ресімдей аласыз:

- 1) Оқуға қайта қабылдану.
- 2) Бір жоғары оқу орнынан екінші ЖОО-ға, бір оқыту тілінен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан басқасына, оқытудың бір түрінен екіншісіне (колледж негізінде), ақылы бөлімнен мемлекеттік грант бойынша білім алуға ауысу.
- 3) Тегін ауыстыру.
- 4) Ректор грантының байқауына қатысу; академик Манаш Қозыбаев атындағы гранттың байқауына қатысу; ҚР Президентінің шәкірақысын тағайындау бойынша байқауға қатысу; жоғары білім

беру үдерісінде босаған бос білім беру гранттарын тағайындау бойынша байқауға қатысу.

- 5) Білім беру саласындағы халықаралық шарттар аясында шетелде білім алу байқауларына қатысу.
- 6) Аралық аттестаттауды тапсыру мерзімін ұзарту; аралық аттестаттауды мерзімінен бұрын тапсыру; рейтинг ұпайларын түзету; қорытынды бақылаудың ГХ бағасын қайта тапсыру.
- 7) Ресми және бейресми білім алу нәтижелерінің мойындалуы.
- 8) Қосымша білім беру қызметтері.
- 9) Студенттерді тұрғылықты мекен-жайы бойынша тіркеу; білім алушылардың әскери есепке алынуы.
- 10) Оқудан шығарылуы.
- 11) Оқуы үшін төленген қаражаттың қалғанын қайтару; төлемақы мерзімін ұзарту; оқудың бағасы бойынша анықтама.
- 12) Білім алушыға кету қағазын беру.
- 13) Аяқталмаған оқуы туралы транскрип беру.
- 14) Білім беру бағдарламалары пәндерінің мазмұны мен сипаттамасы көрсетілген анықтама беру; мамандық бойынша кәсіби қызметінің барлық аясы мен түрлері көрсетіле отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді аяқтаған тұлғалардың анықтамасы; мұраған анықтамасы.
- 15) Қайта өткізіле отырып білім алушының жеке ісінен құжаттарын беру.
- 16) Supplement дипломының қосымшасын беру.
- 17) Дипломның дубликатын беру.
- 18) Диплом қосымшасының дубликатын беру.

Қазіргі уақытта Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығының жетекшісі *Уазирова Гүлнар Нұртайқызы*, тел.: +7(7152) 49-32-52, +7(7152) 49-40-42, қосымша 10-34.

Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығының тіркеушілері:

- АФ +7(7152) 49-40-42, қосымша 11-98.
- ЖММ +7(7152) 49-40-42, қосымша 11-98.
- ТжӘИ +7(7152) 49-40-42, қосымша 10-83.
- ПФ +7(7152) 49-40-42, қосымша 10-83.
- ИСТФ +7(7152) 49-40-42, қосымша. 11-98.
- ТЭҚФ +7(7152) 49-40-42, қосымша 10-95.
- МЖҒФ +7(7152) 49-40-42, қосымша 11-98.

Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығының кеңесшілері:

2 корпус, 1 қабат, фойе +7(7152) 49-32-52, +7(7152) 49-40-42, қосымша 11-99.
cos_skgu@mail.ru

Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығының төлқұжатшылары:

№1 жатақхана, 1 қабат +7 (7152) 397032, +7(7152) 49-40-42, қосымша 10-99.

Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығының ұжымы өз қызметін жетілдіруге, білім алушылар үшін қолайлы және жайлы жағдай жасауға бағдарланады. Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығы қызметінің негізінде студентке бағдарланған тәсілдеме жатыр, сондықтан оның қызметінің негізгі қағидалары білім алушылардың қажеттіліктерін түсіну мен қанағаттандыру, білім алушылар тарапына күтілетін сапаға сәйкес қызмет көрсету, білім алушылармен өзара сыйластықта құралған тиімді қарым-қатынас жасау.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Университетте оқуды бастамас бұрын, эдвайзермен консультация барысында алғашқы оқу жылына арналған білім беру траекториясы анықталып, жеке оқу жоспары қалыптастырылады. Жеке оқу жоспарлары әзірленеді және бекітіледі: ағымдағы оқу жылы қабылданған білім алушылар үшін 10 қыркүйекке дейінгі мерзімде, 2-5 курстың білім алушылары үшін 30 сәуірге дейінгі мерзімде, пәндерді және/ немесе кәсіби практиканы жазғы семестрде меңгеретін 2-5 курстың білім алушылары үшін 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде.

Сіз пәндерді жалпы білім беру, базалық және кәсіби циклдар тізімінен таңдасайсыз, әрбір циклдың пәндері міндетті және элективті болып бөлінеді.

Сіз эдвайзердің көмегімен тіркеу парағын толтырасыз, онда Сіз туралы ақпарат, білім беру бағдарламасы, таңдау бойынша пәндердің (ұсынылған және балама) кредиттер бойынша тізімдемесі мен еңбек сыйымдылығы, әр пән бойынша оқытушылардың тегі көрсетіледі.

Тіркеу парағын толтыру барысында білім беру бағдарламасымен қарастырылатын кредиттер көлеміндегі пәндерді оқуға жазылуыңыз қажет. Университет сайтының білім алушыларға бөлімінде құжаттармен танысуыңыз тиіс.

Жеке оқу жоспарына сіз, эдвайзер қол қояды және факультет деканымен бекітіледі. Жеке оқу жоспарының бір данасы сізге беріледі. Жеке оқу жоспары бекітілгеннен кейін өзгертулерге жол берілмейді.

Егер сіз белгіленген уақытта тіркелмеген және өз жеке оқу жоспарыңызды қалыптастырмаған болсаңыз, онда оқытудың негізі болып аталмыш курстың жұмыс оқу жоспары қабылданады, бұл жағдайда таңдау бойынша пәндер кафедра шешіміне қарай анықталады.

Ағымдағы оқу жылы қабылданған білім алушылар үшін оқу пәндеріне қайта тіркеу процедурасы 1-5 қыркүйек аралығында, 2-5 курстың білім алушылары үшін 1-15 сәуір аралығында, пәндерді және/ немесе кәсіби

практиканы жазғы семестрде меңгеретін 2-5 курстың білім алушылары үшін 25-30 тамыз аралығында жүргізіледі.

Пәнді таңдау және оларға жазылуы негізінде білім алушының оқу жылына арналған жеке оқу жоспары (ЖОЖ) қалыптастырылады.

Білім алушылардың ЖОЖ-дары факультет деканымен үш данада бекітіледі: біреуі деканатта сақталады және білім алушының ББ-н орындау және меңгеруін бақылауды жүзеге асыру үшін негізгі құжат қызметін атқарады, екіншісі аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін СТҚКО-ға жіберіледі, үшіншісі білім алушыға табысталады.

Жеке оқу жоспарлары әзірленеді және бекітіледі: ағымдағы оқу жылы қабылданған білім алушылар үшін 10 қыркүйекке дейінгі мерзімде, 2-5 курстың білім алушылары үшін 30 сәуірге дейінгі мерзімде, пәндерді және/ немесе кәсіби практиканы жазғы семестрде меңгеретін 2-5 курстың білім алушылары үшін 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде.

Білім алушының жеке оқу жоспарын деканмен бекіту процедураларынан кейін өзгертулерге жол берілмейді.

Егер білім алушы белгіленген уақытта оқу пәндерін таңдауды жүзеге асырмаған және өз жеке оқу жоспарын қалыптастырмаған жағдайда оқытудың негізі болып аталмыш курстың жұмыс оқу жоспары қабылданады, бұл жағдайда таңдау бойынша пәндер факультет деканымен анықталады.

Төтенше жағдай тәртібі және/ немесе карантин тәртібі кезінде білім алушылардың жеке оқу жоспарларымен таныстырылуы, сонымен қатар бітіру топтары білім алушыларының дипломдарындағы ақпаратты верификациялау (салыстыру) ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып, «Электронды ректорат» жүйесінде қашықтықтан қолжетімді түрінде қамтамасыз етіледі.

БІЛІМДІ БАҒАЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және халықаралық білім беру кеңістігінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау нәтижелерін мойындауды қамтамасыз ету үшін 4 ұпайлық меже бойынша сандық эквивалентке сәйкес ұпайлық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Әр тапсырма 0-ден 100-ге дейінгі ұпаймен бағаланады.

Оның барысында оқыту және бағалау академиялық адалдық ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың бағаны дәстүрлі межеге ауыстырылуы көрсетілген ұпайлық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйедегі бағасы	Сандық эквивалент	Ұпай түріндегі бағасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Білім алушылардың тілдер бойынша (шет тілдері, қазақ, орыс) оқу жетістіктері меже бойынша оларды меңгеру деңгейіне сәйкес бағаланады:

Шет тілдері бойынша бағалаудың деңгейлік үлгісі мен бағаның ECTS (иситиэс) және дәстүрлі межеге ауыстырылуына сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін бағалаудың ұпайлық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпыеуропалық күзiреттiлiк (бұдан әрi ЖЕК) бойынша тiлдi меңгеру деңгейi мен сипаттамасы	Әрiптiк жүйе бойынша бағасы	ECTS (иситиэс) бойынша бағасы	Ұпайлардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Бағаның дәстүрлi межесi
A1	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық

	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	ECTS (иситиэс) бойынша бағасы	Ұпайлардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Бағаның дәстүрлі межесі
A2	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	ECTS (иситиэс) бойынша бағасы	Ұпайлардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Бағаның дәстүрлі межесі
B1	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	ECTS (иситиэс) бойынша бағасы	Ұпайлардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Бағаның дәстүрлі межесі

	бағасы	бағасы	баламасы		
B2	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	ECTS (иситиэс) бойынша бағасы	Ұпайлардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Бағаның дәстүрлі межесі
C1	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ЖЕҚ бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	ECTS (иситиэс) бойынша бағасы	Ұпайлардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Бағаның дәстүрлі межесі
C2	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	

	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ҮЛГЕРІМНІҢ АҒЫМДЫҚ БАҒАЛАУЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУ ТӘРТІБІ

Білім алушылар үлгерімінің ағымдағы бақылауы оқу пәндерінің әр модулі және оқу тапсырмаларының әр түрі бойынша жүргізіледі.

Емтихан немесе курстық жұмыс/жоба сынды аралық аттестаттау формасы бар пәндер үшін үлгерімді ағымдағы бақылауды бағалау дәрісханалық және дәрісханалық емес сабақтардың ағымдағы бақылау бағаларынан, кезеңдік бақылау бағасынан құралады.

Кезеңдік бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес бір оқу пәні аясында бір академиялық кезең барысындағы 8-ші және 15-ші апталарда екі мәрте өткізіледі.

Сырттай оқыту түрінде оқитын білім алушыларға барлық тиісті тапсырмалар ортыңдалған жағдайда бекітілген кесте бойынша емтихан сессиясы басталғанға дейін оған жіберілу рейтингісі қойылады.

Курстық, есептік-графикалық және басқа оқу жоспарымен қарастырылатын жұмыс түрлері емтихан сессиясы басталғанға дейін қорғалуы тиіс және бұл аталмыш пән бойынша емтиханға жіберілуіне рұқсат береді. Жұмыстың осы түрлері бойынша бағалар пән бойынша емтиханға жіберілу рейтингін санау кезінде (яғни, кезеңдік бақылау қорытындысы барысында) ескерілуі тиіс.

Оқу жоспарына сәйкес пән бойынша бақылау формасы курстық жұмыс (жоба) қана болған жағдайда курстық жұмысты (жобаны) қорғау бойынша баға жалпы пән бойынша қорытынды баға болып табылады.

Пән бойынша аралық аттестаттауға жіберілуі үшін білім алушының білімі кемінде 50 ұпайға бағалануы және курстық жұмыс (жоба) тапсырма ретінде пәннің жұмыс оқу бағдарламасымен (силлабуспен) қарастырылған болса, ол жақсы бағаға қорғалуы тиіс.

Әрбір пән бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейі жіберілу рейтингісінің бағасы мен емтихан бағасынан қалыптастырылатын қорытынды бағамен анықталады.

Жіберілу рейтингісінің бағасы үлгерімнің ағымдық бақылау бағасынан және кезеңдік бақылау бағасынан құралады. Жіберілу рейтингісінің бағасы пән бойынша білімінің қорытынды бағасының 60%-н құрайды.

$$\text{ЖР} = (\text{АБ1} + \text{АБ2} + \text{АБ3} + \dots + \text{АБn} + \text{КБ1} + \text{КБ2}) / (n+2),$$

мұндағы ЖР – жіберілу рейтингісі,

АБ – ағымдық бақылау,

КБ – кезеңдік бақылау,

n – ағымдық бақылаулар саны.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯСЫ

Білім алушылардың аралық аттестациясы емтихан сессиясы деп аталады. Қысқы және жазғы емтихан сессиясы болып бөлінеді. Жазғы емтихан сессиясы келесі курсқа көшірілу болып табылады және оның нәтижесіне қарай деканның ұсынысы бойынша білім алушыны курстан курсқа көшіру бойынша ректордың бұйрығы шығарылады.

Білім алушылардың аралық аттестациясы ББ-ға, академиялық күнтізбеге, жұмыс оқу бағдарламаларына, жеке оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және қатаң бекітілген мерзімде жүргізіледі.

Пән бойынша емтихан білім алушының семестр ішінде алған теориялық білімін, оларды меңгеруінің беріктігін, шығармашылық ой-толғауының дамуын, өздігінше жұмыс дағдыларын игеруін, алған білімдерін синтездеу және оларды практикалық міндеттерді шешуде қолдану білігін бағалау мақсаттары қарастырады.

Сіз бақылаудың барлық түрін жеке оқу жоспарына қатаң сәйкестікте тапсыруыңыз қажет.

Білім алушылардың емтихан сессиясын жіберілуі екі кезеңмен жүзеге асырылады: бірінші кезеңде факультет деканының жалпы жарлығымен оқуы үшін төлем ақы бойынша қарызы жоқ білім алушылардың емтихан сессиясына жіберілуі жүргізіледі; екінші кезеңде білім алушылар үлгерімінің ағымдағы және кезеңдік бақылау нәтижелері бойынша анықталатын жіберілу рейтингісінің бағасы негізінде пән бойынша емтиханға автоматты түрде жіберілу жүзеге асырылады. Автоматты түрде жіберілу емтихан тізімдемесінде әрбір білім алушының тегіне қарама-қарсы тұсында сәйкес белгімен қойылады.

ЕМТИХАНДАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

Емтихан барысында білім алушы пәннің силлабусын және анықтамалық әдебиеттерді пайдалана алады.

Білім алушыларға емтихан тапсыру үшін тілді таңдау (қазақ, орыс, шет тілі) құқығы беріледі. Оқыту тілінен айырмашылығы бар тілде емтихан тапсыруға тілек білдірген білім алушылар сессия басталуынан кемінде 1 ай бұрын факультет деканының атына жазбаша өтініш білдіреді.

Егер білім алушы емтиханға келмесе, онда эксперт емтихан тізімдемесіндегі оның тегіне қарама-қарсы тұсына «келмеді» деп жазады. Білім алушының емтиханға келмеуінің белгілі бір себептері болған жағдайда ол факультет деканының атына өзінің емтиханға келмеу себептерін растайтын құжаттарын ұсына отырып, емтихан тапсыру қажеттілігі туралы өтініш жазады. Факультет деканы сессия аяқталған соң білім алушының аталмыш емтиханды жеке тапсыруы туралы бұйрық шығарады, бұл жағдайда емтихан тапсыру формасы сақталады.

Емтиханға келгенде білім алушының өзімен бірге студенттік билеті болуы тиіс.

Емтиханда «FX» әріптік жүйеге сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған білім алушылардың оқу пәнін/модулін қайталап оқу қажеттілігінсіз емтиханды бір рет ақылы түрде қайта тапсыру мүмкіндігі бар.

Аталмыш аттестатау кезеңінде қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлық дұрыс бағаны оны жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат берілмейді. Қанағаттанарлықсыз бағасын қанағаттанарлық дұрыс бағаға қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша жұмыс оқу бағдарламасында қарастырылған оқу сабақтарының барлық түріне қайта қатысады, емтиханға жіберілу рейтингісін алып, қорытынды бақылауды тапсырады. Осы жағдайда білім алушы оқу пәніне тіркелу процедурасынан қайта өтеді.

ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША АПЕЛЛЯЦИЯ

Емтихан бойынша бағалау нәтижелерімен келіспейтін білім алушының апелляцияға өтініш жасау құқығы бар. Пән бойынша жазбаша немесе шығармашылық емтиханның, кәсіби практика бойынша есепті қорғау, курстық жұмысты (жобаны) қорғау, F3Ж/T3Ж бойынша есепті қорғау нәтижелерімен келіспейтін білім алушы электронды емтихан тізімдемесі толтырылған күннен кейінгі жұмыс күнінің 13:00-нен кешіктірмей апелляция комиссиясының төрағасының атына өтініш жазады. Төтенше жағдай тәртібі және/ немесе карантин тәртібі жағдайының кезеңінде өтініш электронды емтихан тізімдемесі толтырылған күннен кейінгі жұмыс күнінің 18:00-нен кешіктірілмей жазылады.

Білім алушының пән бойынша жазбаша немесе шығармашылық емтиханның нәтижелерін апелляциялау, кәсіби практика бойынша есепті қорғау туралы мерзімінен кешіктірілген өтініші СҚҚТО тарапынан қабылданбайды және апелляция комиссиясымен қарастырылмайды.

Емтихан нәтижелерін апелляциялау туралы өтінішінде білім алушы апелляцияны өткізудің негізділігін және қажеттілігін анықтайды. Білім алушының емтихан апелляция қажеттілігіне негіздемесі көрсетілмеген емтихан нәтижесін апелляциялау туралы өтініші апелляция комиссиясы тарапынан қабылданбайды және қарастырылмайды.

Апелляциялау комиссиясы апелляцияға өтініш берген күнінен келесі жұмыс күнінің 17.00-ге дейінгі мерзімінен кешіктірмей бағалау талаптарын басшылыққа ала отырып, білім алушының емтихан жұмысын қарастырады және білім алушының апелляция туралы өтінішінің қанағаттандырылғандығы немесе қанағаттандырылмағандығы жөніндегі шешімін шығарады.

Апелляциялау комиссиясының шешімі хаттаманың көшірмесі түрінде ресімделеді және комиссия отырысы болған күні білім алушының апелляцияға берген өтінішінде көрсетілген электронды мекен-жайына жіберіледі, сондай-ақ апелляция қанағаттандырылған жағдайда қорытынды бағаны қою үшін СҚҚТО-ға ұсынылады.

Егер білім алушының жазуы түсініксіз орындалған жағдайда оның жазбаша түрдегі аралық аттестация нәтижелерін апелляциялау қарастырылмайды.

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан нәтижесімен келіспейтін білім алушының емтихан нәтижелерін апелляциялау туралы СҚҚТО-ға факультет деканының атына тек емтихан тапсырған күні ғана өтініш беру құқығы бар.

Компьютерлік тестілеу түрінде тапсырылатын емтиханды апелляциялау нәтижелері Апелляциялық комиссияға қарастырылуға өткізіледі және апелляция хаттамасымен бірге СҚҚТО-ға жіберіледі.

СҚҚТО тарапынан апелляциялық комиссия хаттамасының көшірмесі негізінде негізгі емтихан тізімдемесіне қоса тігілетін білім алушының жеке емтихан тізімдемесі (жолдамасын) құрастырылады.

Апелляциялық комиссия жұмысының қорытындысы негізінде қойылған баға бойынша апелляциялық комиссияның шешімі соңғы (үзілді-кесілді) болып есептеледі.

ЕМТИХАН СЕССИЯСЫН ЖЕКЕ ТАПСЫРУ ШАРТТАРЫ

Кейбір жағдайда (денсаулыққа, отбасы жағдайына, басқа да объективті себептерге байланысты) факультет деканы білім алушы емтихан сессиясын

жеке тапсыруға рұқсат беруі мүмкін (алдын ала тапсыру немесе сессияны ұзарту). Сессияны жеке тапсыру рәсімі:

- 1) Білім алушы емтихан сессияны жеке тапсыру туралы алдын ала тапсыру мерзімінен бір апта бұрын немесе сессияны ұзарту үшін емтихан сессия басталуына бір апта бұрын факультет деканының атына өтініш жазады. Емтихан сессиясы кезінде ойламаған сәттер пайда болған жағдайда және оны ұзарту қажет болған ағдайда білім алушы қажетті құжаттарды тіркеп өтініш жазуы тиіс;
- 2) Өтінішке емтихан сессиясын жеке тапсыруды дәлелдейтін құжаттар тіркелуі тиіс;
- 3) Факультет деканы электрондық ректоратта емтихан сессиясын жеке тапсыру туралы өкім шығарады, онда сессия мерзімі, оқу жоспарына сәйкес барлық пәндердің атаулары мен аттестациялау түрлері көрсетіледі.

Сессияны жеке тапсыру барысында факультет деканының өкімі бойынша себепті жағдайда СҚҚТО регистраторы білім алушыға емтиханға жіберу рейтингісі қойылған жолдама береді (алдын ала сессия тапсыру үшін емтиханға жіберу рейтингісін оқытушы өзі қояды).

Себепсіз жағдайда, академиялық күнтізбеге сәйкес академиялық кезеңнің мерзімі ескертілмесе, аралық аттестациялау мерзімін ұзартуға рұқсат берілмейді.

Сессияны жеке тапсыру нәтижелері Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығына тапсырылады.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ЖОЮ

Пән немесе курстық жұмыс/жоба бойынша «қанағатанарлықсыз» қорытынды баға, сонымен қатар, сессия соңында емтихан ведомосінде «келген жоқ» немесе «жіберілмеген» деген жазу академиялық қарыз болып табылады. Академиялық қарызды жою үшін білім алушы пән бойынша жұмыс оқу жоспарында көзделген барлық оқу сабақтарына қатысып, ақылы түрде жазғы семестрде курстық жұмыс/жобаны орындауы және емтихан бақылауына жіберілу рұқсатын алуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАНЫ ШЫҒАРУ

Пән бойынша қорытынды баға рейтинг бағасы мен қорытынды бағаны қосу арқылы шығарылады. Рейтинг бағасы 60% құрайды, қорытынды баға – 40% құрайды.

Қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:

$$ҚБ=0,6*РБ+0,4*ҚБ,$$

ҚБ - қорытынды баға,

РБ – рейтинг бағасы,

ҚБ – емтихан бағасы немесе курстық жұмыс/жобаны қорғау бағасы.

Қорытынды баға білім алушының рейтингісі 50 ұпай және емтихан бағасы 50 ұпайдан төмен болмаса ғана есептеледі. Басқа жағдайда мсестр бойы жиналған ұпайлары қосылып есептелмейді, ал пән автоматты түрде академиялық қарыз болып табылады және жазғы семестрге жоюға қалдырылады.

Білім алушының орташа ұпайы (GPA) білім алушының барлық оқу кезеңіндегі оқу жетістіктері деңгейінің орташа ұпай болып белгіленеді, ол кредиттердің сомасын қорытынды бақылау бағаларының цифрлік эквивалентіне көбейту және пән бойынша жалпы кредиттер санына бөлу арқылы мына формула бойынша есептелінеді:

$$GPA(СБ) = \frac{ЦЭ_1 \cdot K_1 + ЦЭ_2 \cdot K_2 + \dots + ЦЭ_n K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n},$$

мында: $K_1, K_2 \dots K_n$ – оқылған пәндердің көлемі кредиттер түрінде;

n – курс бойынша оқылған барлық пәндер саны;

$ЦЭ_1, ЦЭ_2 \dots ЦЭ_n$, – оқу жылы бойынша оқылған барлық пәндердің (дене шынықтырумен бірге) қорытынды бағалары, цифрлік эквивалентте (кесте бойынша):

Білім бағаларының көпұпайлы жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Цифрлік эквивалент	Ұпаймен бағалау	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	

C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

GPA қалай есептелінеді?

Пән	Кредиттер саны	Қорытынды бағалау ұпайлары	Әріптік жүйе бойынша баға	Цифрлік эквивалент
Физика	3	98	A	4,0
Шет тілі	2	83	B	3,0
Философия	3	20	F	0
Практика	2	60	C-	1,67

GPA пәннің кредиттер саны мен пән бойынша ұпайдың цифрлік эквивалентін көбейту және қосу арқылы есептелінеді: $GPA = (3 \cdot 4,0 + 2 \cdot 3,0 + 3 \cdot 0 + 2 \cdot 1,67) / (3 + 2 + 3 + 2) = 2,13$

Егер GPA университетте белгіленген оқу жетістіктерінің орташа ұпайына тең немесе одан жоғары болса, білім алушы, академиялық қарызы болса да, келесі курсқа көшіріледі.

ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР

Жазғы семестр ақылы түрде:

- қосымша білім алу қажеттілігін қанағаттандыру,
- академиялық қарыздарды және оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жою
- басқа білім беру мекемелерінде білім алушылардың міндетті түрде есептелінетін оқу пәндерін және кредиттерді игеру,
- алдыңғы пәндерді уақытылы оқу арқылы жеке жоспарына өзгертулер енгізу,
- оқу жетістіктерінің орташа ұпайын арттыру (GPA),
- ұқсас және қосымша білім беру бағдарламасын, сонымен қатар, екі дипломды білім беру шеңберінде, ақылы түрде игеру үшін ұйымдастырылады.

Білім алушы сессияға сәйкес оқу пәніне/модульге қайта жазылады, барлық оқу сабақтарына қатысады, оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Бітіруші курс студенттері үшін жазғы семестр ұйымдастырылмайды.

Жазғы семестрде білім алушы бір аптада 2 кредитті ғана игере алады.

Университетте бекітілген 1 кредит бағасына сәйкес білім алушы ректор атына СҚЖТО-ға пәннің атауы мен кредиттер санын көрсетіп, өтініш жазады, қосымша білім беру қызметтерін көрсету келісімшартын толтырады және оқу ақысын төлейді.

Жазғы семестрдің ұзақтылығы 6 аптадан кем емес, тамаздың 25-сіне дейін аяқталауы тиіс.

Жазғы семестрде оқу үшін білім алушы ректор атына пәннің атауы мен кредиттер санын көрсетіп, өтініш жазады.

Жазғы семестрге білім беру қызметтерін көрсету келісімшартында көрсетілген оқу ақысын төлеген білім алушылар жіберіледі.

Жазғы семестр барысында білім беру бағдарламасының оқу жоспарында бекітілген пәндер толық игеріледі.

ТЖ режимінде және карантин кезеңінде ҚОТ бойынша оқу кезінде білім алушы құжаттардың (өтініш, жеке куәлігі, оқу ақысын төлеу туралы квитанция) сканын немесе фотосуретін тіркеп, М.Қозыбаев атындағы СҚУ сайтында көрсетілген мекен-айға жібереді.

СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Студенттерге қызмет көрсету және оларды тіркеу орталығы

3 корпус, 341 аудитория

2 корпус, фойе

+7 (7152) 493252

АУЫСУ, ҚАЙТА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАНУ, ОҚУДАН ШЫҒАРЫЛУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС АЛУ

Білім алушының ауысу, қайта оқуға қабылдану, оқудан шығу және академиялық демалыс алу құқықтары бар.

Білім алушы бір оқу бағдарламасынан екінші оқу бағдарламасына, бір оқу түрінен екінші оқу түріне, бір жоғары оқу орнынан екінші жоғары оқу орнына, ақылы оқу түрінен білім беру грантына және керісінше, курстан курсқа ауыса алады.

Ауысу рәсімі демалыс кезеңінде ғана жүзеге асырылады.

Ауысу білім алушының М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректор атына СҚКЖТО-ға өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушы басқа жоғары оқу орнына ауысу кезінде М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы - Ректор атына СҚКЖТО-ға кезекті академиялық кезеңнің (семестр) басталуына 5 күн қалғанға дейін өтініш жазады, оған ресімделген кету парағы мен ауысатын жоғары оқу орнының келісімі тіркеледі.

Басқа жоғары оқу орнынан М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға ауысқан білім алушы СҚКЖТО-ға кезекті академиялық кезеңнің (семестр) басталуына 5 күн қалғанға дейін өтініш жазады.

Ақылы оқу түрінен білім беру грантына ауысу туралы өтінішті білім алушы конкурс негізінде СҚКЖТО-ға жазғы демалыс кезінде шілденің 30-на дейін, ал қысқы демалыс кезінде – қаңтардың 10-на дейін жазады.

Бір оқу бағдарламасынан екінші оқу бағдарламасына ауысу кезінде білім алушы СҚКЖТО-ға кезекті академиялық кезеңнің (семестр) басталуына 5 күн қалғанға дейін өтініш жазады.

Кеш жазылған ауысу туралы өтініштерді СҚКЖТО қабылдамайды және қарастырмайды.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін – 2050») жобасы аясында және квота арқылы педагогика мамандықтарына түскен студенттер басқа жоғары оқу орындарына ақылы түрде ауысады.

Білім алушы басқа жоғары оқу орнынан ауысқанда М.Қозыбаев атындағы СҚУ оның дайындық, білім беру бағдарламасының бағытын, оқу жетістіктерін, сонымен қатар, білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайларын есепке алады.

Білім алушы транскриптке сәйкес бірінші академиялық кезеңі толық аяқталған, яғни, 30 академиялық кредит саны немесе 900 академиялық сағат игерілген жағдайда М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға ауыса алады.

Басқа жоғары оқу орнынан М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға ауысқысы келген білім алушының академиялық қарызы 16 кредиттен аспауы немесе транскрипте немесе академиялық анықтамада 3-тен артық F, FX бағасы болмауы тиіс.

Академиялық қарызы немесе 5 кредиттен артық академиялық айымашылығы бар білім алушы басқа жоғары оқу орнынан бітіруші курсқа қабылданбайды.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасы топтарының білім алушылары басқа білім беру бағдарламаларына ҰБТ-ның бекітілген ұпайынан төмен емес ұпайы бар сертификаты болған жағдайда ауыса алады. Шетел жоғары оқу орындарынан

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға ауысу тиісті білім беру деңгейі, білім беру саласы, қабылдау жылы және/немесе ұлттық және/немесе шетел аккредитацияланған органдардың халықаралық мамандандырылған аккредитациясы бар, білім беру саласы жөніндегі экономикалық ынтымақтастық және дамыту Ұйымының мүше-мемлекеттерінің аккредитацияланған органдарының тізімі және/немесе ассоциацияларына енгізілген білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылар ақылы оқудан білім беру грантына ҚР БЖҒМ нормативтік талаптары бойынша бос огранттар болған ағдайда конкурс негізінде ауыса алады.

Курстан курсқа ауысу М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Курстан курсқа ауысу туралы бұйрықтар факультет декандарының ұсыныстары негізінде шығарылады. Алғашқы бұйрық жазғы сессия қорытындысы бойынша шілде айында шығарылады. Екінші бұйрық жазғы сессия қорытындысы бойынша тамыздың 25-не дейін шығарылады.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша, білім беру саласындағы 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) бағдарламасынан басқа, курстан курсқа ауысу үшін жеке оқу жоспарының толық орындалуы, оқу ақысын төлеу бойынша қаржылық қарыздың жоқтығы негізге алынады. 16 академиялық кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушылар курстан курсқа ауыса алмайды.

Білім беру саласындағы 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) бағдарламасы бойынша курстан курсқа ауысу үшін жеке оқу жоспарының толық орындалуы, М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да бекітілген оқу жетістігінің орташа ұпай (GPA) жиыңтығы және оқу ақысын төлеу бойынша қаржылық қарыздың жоқтығы негізге алынады. 16 академиялық кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушылар курстан курсқа ауыса алмайды.

5 кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушы бітіруші курсқа ауыса алмайды.

Ақылы түрде оқитын қаржылық қарызы бар білім алушы курстан курсқа ауыса алмайды.

Келесі курсқа ауыспаған білім алушы қайталау курсына қалдырылады немесе академиялық қарызы үшін оқудан шығарылады.

Қайталау курсына ресімделу үшін білім алушы тамыздың 25-сіне дейін М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректоры атына СҚЖТО-ға өтініш жазады. Оның негізінде қайталау курсына оқу туралы бұйрық шығарылады.

Қайталау курсына оқуға өтініш жазбаған білім алушы академиялық қарызы үшін М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректорының

бұйрығымен тамыздың 26-сына дейін факультет деканының ұсынысы бойынша оқудан шығарылады.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да білім беру саласындағы 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) бағдарламасы бойынша курстан курсқа ауысу үшін оқу жетістігінің орташа ұпайы (GPA) :

- 2 курсқа – 2,5 төмен емес;
- 3 курсқа – 2,7 төмен емес;
- 4 курсқа – 2,9 төмен емес;
- 5 курсқа – 3,0 төмен емес.

Қайталау курсына қалдырылған білім беру грантының иегерлері гранттан айырылады, ақылы түрде оқуын жалғастырады.

Білім алушы жұмыс оқу жоспарындағы академиялық айырмашылықты тапсырған соң бір оқу бағдарламасынан екінші оқу бағдарламасына, бір оқу түрінен екінші оқу түріне, бір жоғары оқу орнынан екінші жоғары оқу орнына қайта оқуға қабылдана алады, алғашқы академиялық кезеңді аяқтамаған, яғни, 30 академиялық кредитті игермегендерден басқа.

Оқудан шығарылған білім алушы М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға кез келген жағдайда қайта оқуға қабылдана алады.

Қорытынды аттестациялауға келмеген немесе «қанағаттанарлықсыз» (F, Fx) баға алған және оқудан шығарылған білім алушы бір жылдан соң ББ типтік оқу жоспары бойынша бітіруші курсқа қайта оқуға қабылдана алады. 18 академиялық кредиттен аспаған академиялық айырмашылығы болған жағдайда білім алушы соңғы академиялық кезеңге қайта оқуға қабылдана алады. Академиялық айырмашылық болмаса, білім алушы қорытынды аттестациялауға қайта жіберіледі.

Оқуға қайта қабылдау рәсімі демалыс уақытында ғана жүргізіледі.

Оқуға қайта қабылдау М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректоры атына СҚЖТО-ға өтініш жазу негізінде жүзеге асырылады.

Оқуға қайта қабылдану кезінде білім алушы СҚЖТО-ға кезекті академиялық кезеңнің басталуына 5 күн қалғанша дейін өтініш жазуы тиіс.

Кеш жазылған оқуға қайта қабылдау туралы өтініштерді СҚЖТО қабылдамайды және қарастырмайды.

Оқу ақысын төлемеген үшін оқудан шығарылған ақылы түрде оқитын білім алушы, оқу ақысын төлеген соң, оқудан шығарылған күннен бастап 4 апта ішінде қайта оқуға қабылдана алады. Оқуға қайта қабылдану М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректоры атына СҚЖТО-ға өтініш жазу негізінде жүзеге асырылады.

Оқудан шығарылған күннен төр апта өткенсоң оқуға қайта қабылдау туралы өтініштерді СҚЖТО қабылдамайды және қарастырмайды.

БІЛІМ АЛУШЫ УНИВЕРСИТЕТТЕН МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА ОҚУДАН ШЫҒАРЫЛАДЫ:

- өз еркімен;
- басқа жоғары оқу орнына ауысуға байланысты;
- М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың ішкі тәртібі Ережелерін және Жарғысын бұзғаны үшін;
- Негізгі білім беру қызмет көрсету келісімшарттың шарттарын орындамағаны үшін;
- Академиялық демалыс аяқталғаннан соң 15 күн ішінде себепсіз оқуға шықпағаны үшін;
- Академиялық қарыздар үшін;
- Қорытынды аттестациялауға келмеген немесе «қанағаттанарлықсыз» (F, Fx) баға алған үшін;
- Бір академиялық кезеңде 40 академиялық сағаттан артық себепсіз сабақ босатқан үшін;
- за не прохождение процедуры нострификациялау рәсімін өтпеген немесе алғашқы академиялық кезеңде шетел дипломын растамағаны үшін;
- М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың зсуденттік жатақханаларында тұру ережелерін бұзғаны үшін;
- М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың академиялық адалдық Ережелерін бұзғаны үшін;
- Өлімге байланысты;
- Оқу сабақтарын уақытында қатыспағаны үшін;
- Білім туралы жалған құжаттарды ұсынғаны үшін.

Алғашқы академиялық кезеңді аяқтағанға дейін ақылы түрде оқитын білім алушылар алғашқы академиялық кезеңді аяқтаған соң ҰБТ-ның бекітілген ұпайын жинамаған немесе ҰБТ-ға келмеген жағдайда Университеттен оқудан шығарылады.

Білім алушы М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректоры атына СҚЖТО-ға өтініш жазу негізінде өз еркімен оқудан шығарыла алады.

Ақылы түрде оқитын білім алушылар өз еркімен оқудан шығару туралы өтініш жазбас бұрын білім беру қызмет көрсету үшін барлық қарыздарды өтеуі тиіс.

Басқа жоғары оқу орнына ауысуға байланысты оқудан шығару білім алушының жеке өтініші және қабылдайтын жоғары оқу орнының келісімі

негізінде М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Академиялық демалыс білім алушыға 6-12 ай бойы ауырғанын растайтын М.Қозыбаев атындағы СҚУ медициналық пунтінде бекітілген, амбулаториялық – емханалық ұйымның жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы (ВКК); 36 ай бойы туберкулезбен ауырғанын растайтын туберкулезге қарсы ұйымның жанындағы Орталық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы (ВКК); әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазынегізінде; бала туу, үш жасқа дейінгі баланы асырап алу жағдайында беріледі.

Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректоры атына СҚКЖТО-ға өтініш жазады.

Ауыруға байланысты академиялық демалыста болған білім алушы академиялық демалыстан шығу үшін ректор атына өтініш жазып, оны бақылаған десаулық сақтау ұйымынан оқуға жарамды туралы ВКК (ЦВКК) анықтамасын тіркейді; әскери қызметтеболған білім алушы ҚР Қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеген соң оқуды жалғастыру туралы өтініш жазып, әскерибилетінің көшірмесін тіркейді; жүктілік және бала туу, 3 жасқа дейінгі баланы күту демалысынан шыққан білім алушылар өтінішке баланың туу куәлігін тіркейді.

Академиялық демалыстан шыққан соң білім алушы демалысқа шыққан курстан немесе төмен курстан оқуын жалғастыра алады.

ШӘКІРТАҚЫЛАР

Мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясы нәтижесі бойынша«өте жақсы», «жақсы» баға алған студенттер, «Foundation» факультетіне қабылданған тыңдаушылар, магистранттар, докторанттар, мемлекеттік білім беру гранты иегерлеріне тағайындалады және емтихан сессиясы аяқталғанна кейін бір айдан ссеместр аяқталған күнге дейін төленеді.

Мемлекеттік білім беру гранты негізінде 1 курсқа қабылданған білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және бірінші семестр бойы ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде білім алушыларға алдыңғы семестрдің емтихан сессиясы қорытындысы бойынша мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және төленеді.

Мемлекеттік білім беру грантында оқитын көзі нашар көретін және нашар еститін мүгедектерге, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығысыз қалған балаларға, қамқорлықтағы балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясы қорытындысы бойынша академиялық қарыздары жоқ немесе аралық аттестациялау қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ жағдайда төленеді.

Басқа жоғары оқу орнына ауысқан білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы оқу жоспарындағы академиялық айырмашылықтарды жойған соң тағайындалады және төленеді.

Академиялық демалыстағы білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы, медициналық қорытынды негізінде берілген академиялық демалысты қоспағанда, төленбейді.

Академиялық демалыстан шыққан студенттерге мемлекеттік шәкіртақы оқу жоспарындағы академиялық айырмашылықтар болмаған жағдайда, алдағы емтихан сессиясы қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді.

Шәкіртақы төлеу төлем карталары немесе ағымды шот арқылы жүзеге асырылады.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ

Студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру мақсатында, мемлекеттік білім беру грантында «өте жақсы» бағаға оқитын ақылы түрде оқитын, ғылыми, қоғамдық және спорт жұмысымен айналысатын талантты және дарынды студенттерді қолдау үшін ҚР Президентінің шәкіртақысы тағайындалады. Шәкіртақы күндізгі бөлімде оқитын 3 курс студенттеріне бір академиялық кезеңге тағайындалады.

ҚР Президентінің шәкіртақысы тағайындау конкурсына қатысу үшін білім алушы келесі құжаттарды ұсынуы тиісті:

1. Ректор атына өтініш.
2. Транскрипт.
3. Жеке куәлігінің көшірмесі.
4. Ғылыми еңбектерінің тізімі (факультет/институт деканының орынбасары білім беру порталына енгізеді).
5. Ғылыми-практикалық конференциялар, олимпиадалар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. қатысқаны туралы грамоталар, алғыс хаттар, сертификаттардың көшірмесі.
6. Институт директоры/факультет деканының ұсыныс хаты.

БОС ГРАНТАР

Жоғары білім алу барысында босатылған бос білі беру гранттарын тағайындау тәртібі Ережеде бекітілген.

Жоғары білім алу барысында босатылған бос білі беру гранттары мамандықтар бойынша ақылы түрде оқитын білім алушыларға конкурс негізінде тағайындалады. Конкурс аралық аттестациялау қорытындысы бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті табыс ету арқылы жүргізіледі.

Орташа ұпай бірдей болған жағдайда конкурс өткізу барысында бос білі беру гранттары А, А- («өте жақсы»), соңан соң А, А- -дан («өте жақсы») В+, В, В- -ге дейін («жақсы») бар білім алушыларға ұсынылады.

Жоғары білім алу барысында босатылған бос білі беру гранттарын тағайындау рәсімі жазғы және қысқы демалыс кезінде бос орындарға конкурс негізінде келесі тәртіп бойынша жүргізіледі:

- 1) **Білім алушы** М.Қозыбаев атындағы СҚУ ректоры атына әрі қарай білім беру гранты бойынша оқу туралы өтініш жазады;
- 2) ЖОО, өтінішті қарастырып, оны конкурс негізінде, Ғылыми кеңестің шешімі бойынша тамыздың 5-сі және қаңтардың 15-сіне дейін ҚР БЖҒМ-ге шешім қабылдау үшін жолдайды. Білім алушының өтінішіне Ғылыми кеңестің шешімімен қоса транскрипт, жеке куәлігінің көшірмесі, ЖОО-нан оқудан шығарылған білім алушының білім беру гранты иегері куәлігі тіркеледі;
- 3) білім беру грантын тағайындау туралы куәлігі негізінде ректорәрі қарай білім беру грантында оқу туралы бұйрық шығарады.

М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ РЕКТОРЫНЫҢ ГРАНТЫ

М.Қозыбаев атындағы СҚУ студенттерге университет қаржылық есебінен білім алу мүмкідігін ұсынады (шәкірақысыз).

Конкурсқа күндізгі бөлімнің студенттері, магистранттары қатыса алады:

- 2 курс және жоғары курс студенттері, магистранттар екінші семестрден бастап;
- Оқу жетістіктерінің орташа ұпайы «өте жақсы» (А, А-) и «жақсы» (В+, В, В-) бағаға тең білім алушылар.

Оқу үлгерімі тең студенттер арасында әлеуметтік – әлсіз топтарға (мүгедек-студенттер, жетім-студенттер, толық емес немесе көпбалалы отбасынан шыққан студенттер, мүгедек/зейнеткер ата-анасы бар студенттер) басымдық беріледі.

Конкурсқа қатысу үшін білім алушы келесі құжаттарды ұсынуы тиісті:

1. Ректор атына өтініш.
2. Транскрипт.
3. Жеке куәлігінің көшірмесі.
4. Студенттің әлеуметтік мәртебесін дәлелдейтін құжаттар.
5. Институт директоры/факультет деканының ұсыныс хаты.

Грантты тағайындау туралы бұйрықтың сессиядан кейінгі семетрде ғана күші бар, алдыңғы және кейінгі семетрлерге қатысты емес.

Гранттың күші бар кезеңінде оқу пәніне қатысты бұзушылықтар анықталған жағдайда студент гранттар босатылады. Гранттар бастау туралы шешімді институт директоры/факультет деканының ұсыныс хаты негізінде ректор қабылдайды.

АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГРАНТ

Академик Манаш Қозыбаев атындағы грант білім алушыға университеттің қаржылық есебінен оқуға мүмкіндік береді. Конкурсқа күндізгі бөлімнің студенттері, магистранттары қатыса алады:

- 2 курс және жоғары курс студенттері, магистранттар екінші семестрден бастап;
- Оқу жетістіктерінің орташа ұпайы «өте жақсы» (А, А-) и «жақсы» (В+, В, В-) бағаға тең білім алушылар;
- Студенттік ғылыми бірлестіктеріне, олимпиадаларға, ғылыми семинарларға, конференцияларға, ҚР және әлемдік универсиадалары мен чемпионаттарына, шығармашылық конкурстарға, университеттің мәдени-кәсіби және практикалық қызметіне белсене қатысатын білім алушылар.

Конкурсқа қатысу үшін білім алушы келесі құжаттарды ұсынуы тиісті:

1. Ректор атына өтініш.
2. Транскрипт.
3. Жеке куәлігінің көшірмесі.

4. Ғылыми еңбектерінің тізімі (факультет/институт деканының орынбасары білім беру порталына енгізеді).

5. Ғылыми-практикалық конференциялар, олимпиадалар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. қатысқаны туралы грамоталар, алғыс хаттар, сертификаттардың көшірмесі.

6. Институт директоры/факультет деканының ұсыныс хаты.

Ректор бекіткен гранттар бойынша комиссия ұсынылған құжаттарды қарастырып, грантты тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Академик Манаш Қозыбаев атындағы гранттарды алу конкурсына басқакәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен қорлардың қаржылық есебінен оқитын студенттер қатыса алмайды.

Грантты тағайындау туралы бұйрықтың сессиядан кейінгі семетрде ғана күші бар, алдыңғы және кейінгі семетрлерге қатысты емес.

Грантың күші бар кезеңінде оқу пәніне қатысты бұзушылықтар анықталған жағдайда студент гранттар босатылады. Гранттар бастау туралы шешімді институт директоры/факультет деканының ұсыныс хаты негізінде ректор қабылдайды.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

Қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚОТ) - білім алушы мен педагогтің қашықтықтан немесе жартылай қашықтықтан өзара қарым-қатынасы арқылы ақпараттық және телекоммуникациялық құралдары қолдау негізінде жүзеге асырылатын оқыту технологиялары.

Қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы оқытудың артықшылықтары:

- Оқу материалы білім алушыларға ақпараттық технологиялары арқылы жеткізіледі;
- Консультациялар «on-line» режимінде ұйымдастырылады және өткізіледі;
- Білім алушылармен кері байланыс «off-line» режимінде ұйымдастырылады;
- Білім алушылардың оқу жетістіктері «on-line», «off-line» режимінде бақыланады;

Қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы ұйымдастырылатын оқу процесі қашықтықтан оқытуды басқару жүйесі (**Moodle – moodle.nkzu.kz**) негізінде жүзеге асырылады және білім алушы үшін келесі мүмкіндіктер береді:

- ұйымдастыру іс-шараларда ЖОО-да оытуды ұйымдастыру, қашықтықтан оқыту жүйесінде жұмыс жасау жайында нұсқамалық алу;
- пайдаланушы картасын алу;
- получение дистанционно учебных материалов по всем дисциплинам в системе Moodle жүйесінде барлық пәндер бойынша оқу материалдарын қашықтықтан алу;
- on-line и off-line режимінде сабақтарға қашықтықтан қатысу;
- курстың барлық on-line іс-шараларына (консультациялар, семинарлар, форумдар, видео и аудиоконференциялар) Zoom бұлтты платформасын, открытой платформы Bigbluebutton ашық платформасын пайдалану арқылы қашықтықтан қатысу;
- өзін-өзі бақылау, аралық, ағымдық және қорытынды бақылау кезінде тестілеуден өту;
- консультациялар, емтихандар және мемлекеттік емтихандар, курс және диплом жұмыстарын қорғаудың сабақ кестесін алу;
- бақылаудың барлық түрлерін (аралық, ағымдық және қорытынды) академиялық күнтізбеге сәйкес қашықтық режимінде тапсыру;
- ЖОО-ның электронды кітапханасына қашықтықтан кіру.

on-line оқыту үшін келесі бағдарламалық және техникалық құралдар қажет:

- Интернет және веб-браузерге (Google Chrome, Internet Explorer) кіру;
- MS Office бағдарламалары мен олардың аналогтары;
- колонкалар, құлақшындар немесе іштетілген динамик;
- микрофон;
- веб-камера.

ҚОТ пайдалану арқылы күндізгі бөлімінде оқығысы келетін білім алушылар қабылдау комиссиясында М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма төрағасы-Ректоры атына өтініш жазады (№6корпус).

Телефон: +7 (7152) 494042 (доб. 1150, 1152)

Мекен-жайы: Петропавл қ., Пушкин к., 81, 4 корпус, 416, 409 ауд..

e-mail: elearningnkzu@mail.ru

Білім беру грантында оқытындарға жылына екі рет жолақысының (үйге барып-қайту) өтемақысы төленеді.

Білім беру грантында оқитын жетім студенттерге ай сайын тамақтану үшін мемлекеттік өтемақы төленеді. Жетім және ата-анасының қамқорлығысыз қалған студенттер тегін түрде атақханамен қамтамасыз етіледі.

Мүгедек студенттер, аз қамтамасыз етілген студенттер күн сайын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Ақылы түрде күндізгі бөлімінде оқитын студенттерге оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер ұсынылады.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Студенттік өмір ең көңілді, мазмұнды, қызыққа толы кезең ретінде есте қалуы тиіс. Бұл – жаңалықтар ашу, жаңа таныстар, жаңа бастамалар және сынақтар кезеңі. Уақыт зымырап өтеді, сондықтан барлық мүмкіндіктерді пайдаланып үлгергің келеді. «М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ қабырғасында әрбір студент өзін жаң-жақтан сынап көре алады.

Біз Сізге шет елдердегі ең танымал ТМД, Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия университеттерінің бірінде білім алуды ұсынамыз. Осындай тәжірибе Сізге басқа елді көру, жаңа әсер алу, басқа елдің студенттерімен танысу, сонымен қатар, «М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ абыроймен таныстыру мүмкіндігін береді.

ҚР БЖҒМ академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің қаржылық шығындарын (тұру, барып-қайту жолақысы, визны ресімдеу құаттары мен медициналық сақтандыру шығындары) жартылай төлейді.

ҚР БҒМ тарапынан қаржыландыруға жоғары GPA (3,5-дан жоғары) ұпайы, шет тілін меңгеруді (IELTS, TOEFL және т.б. B2-ден төмен емес) растайтын халықаралық үлгідегі сертификаты бар студенттер жатады.

Ақылы түрде оқитын студенттер барлық шығындарды өздері төлейді.

Дербестік қаржыландыру конкурсына GPA 3,5-тен төмен емес және 3,0-тен жоғары, B- (75)-тен төмен бағасы жоқ студенттер қатыса алады.

Академиялық ұтқырлық конкурсына қатысу үшін қажетті құжаттар:

- анкета;
- 2 өтініш;
- Паспорт көшірмесі;
- Өтініш-негіздеме (мотивациялық хат) қаз./орыс және ағылшан тілдерінде;
- 2 ұсыныс хат қаз./орыс және ағылшан тілдерінде;
- Оқу орнынан анықтама;

- транскрипт 3 тілде (қазақ, орыс және ағылшан) 106/2;
- медициналық анықтама 082/у (шетелге баратындар үшін);
- тілдерді меңгері туралы сертификат (ағылшын тілі -IELTS, TOEFL; түрік, испан, неміс және т.б. –B2-ден жоғары тілдерді меңгері туралы сертификат;
- фото 3x4, 6 дана.

Серіктер-ЖОО-да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған соң білім алушы екі жұмыс күні ішінде академиялық ұтқырлық және интернационализацияландыру орталығына келуі туралы хабарлаутранскрипті тапсыру және «М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ оқуды жалғастыру жайында өтініш жазу тиіс.

Барлық сұрақтар бойынша академиялық ұтқырлық және интернационализацияландыру орталығына жолығыңыздар.

Мекен-жайы: Петропавл қ., Пушкин к., 86, 2 корпус, 211 ауд.,

телефон: +7 (7152) 49 40 42 вн.1025; 1243

ұялы.: +7 701 102 9710; +7 707 808 9731

e-mail: amcc_nkzu@mail.ru

[ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ \(ТЖӘИ\)](#)

[ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ \(ТЭҚФ\)](#)

[МЕДИЦИНАНЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ \(МЖМ\)](#)

[АГРОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ \(АФ\)](#)

[МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ](#)

[ФАКУЛЬТЕТІ \(МЖҒФ\)](#)

[ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ \(ПФ\)](#)

[ИНЖЕНЕРЛІК ЖӘНЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ](#)

[\(ИСТФ\)](#)

[«FOUNDATION» ФАКУЛЬТЕТІ](#)

КІТАПХАНА

М.Қозыбаев атындағы СҚУ кітапхана кешені – техникалық қамтамасыз етілген және оқырмандарға қолжетімді қызмет көрсету заманауи орталық.

Кітіпхана оқырман билеті арқыл жазылуға болады. Оқырман билеті – оқу залдары мен кітапхана кешенінің абонементі қорындағы кітаптарды пайдалануға рұқсат беретін құжат. Оқырман билеті студенттерге оқу кезеңі бойы кітапхана кешенінің оқу залдарын пайдалануға мүмкіндік береді. Оқырманда оқырман билетін басқа тұлғаға қолануға бере алмайды және басқа адамның оқырман билетін пайдалана алмайды.

Оқырман билетін жоғалтып алған жағдайда кету парағы мен фотосуретін ұсынылып, дубликат беріледі. Диплом алу алдында оқырмандар оқырман билеті тапсырып, кітапхана кешенінің барлық бөлімшелерінде кеті парағына қол қойдырулары тиіс.

Барлық оқу залдарындағы ақпараттық ресурстарға қол жеткізу үшін 130 локальдік желіге қосылған жаңа компьютер орнастырылған. Пайдаланушыларға Интернет, Республикалық ЖООаралық электрондық кітапхана, кітапханалардың Ақпараттық консорциум Ассоциациялары, Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана ресурстарын және ЖОО-ның дербес ресурстарын сымсыз пайдалануға мүмкіндік бар.

Электрондық кітапхана келесі қызмет түрлерін ұсынады:

1. Оқу-әдістемелік әдебиеттердің электрондық версияларымен жұмыс істеу.
2. Газет және журналдардың электрондық версияларымен жұмыс істеу.
3. Мультимедиалық оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу.
4. Интернетте жұмыс істеу .
5. Электрондық почтада жұмыс істеу.
6. Ақпараттық файлдарды СД-ге жазып алу.

М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ-ДА ОҚИТЫНДАРҒА ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН БЕРУ

ЖОО –да 1114 орынға лайықталған 3 студенттік жатақхана бар. Сонымен қатар, «Серпін» бағдарламасы және педквота негізінде оқитын студенттер үшін Театральный көшесінде 280 орынға лайықталған жатахананы жалға алады. №10 оқу корпусының 2 қабаты 150 орынға лайықталған жатақханаға айналдырылған.

Барлық жатақханалар Интернетке қосылған.

№ 1 и 2 жатақханаларда асханалар бар.

Күрес, гирь залдары шаңғы базасы орналасқан.

Барлық жатақханаларда душ бөлмелері, кір уу машиналары бар, ас бөлмелері электплиталармен қамтамасыз етілген.

Барлық жатақханаларда өткізу режимі сақталады, [Жатақханада тұру ЕРЕЖЕЛЕРІ](#)н сақтау бойынша іс-шаралар өткізілуде.

Барлық жатақханалар сыртқы және ішкі бақылау камераларымен жабдықталған.

№1 жатақханада полиция пункті орналасқан, студенттердің құқықтық сауттылығын арттыру және құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады.

Жатақханадан орын алу үшін:

- <http://nkzu.kz/> университет сайтына «ОҚУҒА ТҮСУ» бетіне кіру;
- «ОҚУҒА ТҮСЕТІНДЕРГЕ» бетінде «Жатақханаға орналасу конкурсына өтінім» батырмасын басу;
- ашылған бетте «[ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН АЛУ](#)» батырмасын басу;
- ашылған бетте қажетті деректерді толтырып, құжаттарды тіркеп [«ЖІБЕРУ»](#) батырмасын басу;
- Сіздің өтінішіңіз бюджеттік комиссиясы қарастыруға қабылданғаны туралы почтаңызға хабарлама келеді;
- құжаттарыңыз қарастырылып, бюджеттік комиссия шешімі шыққан соң, Сіздің почтаңызға [«Орналасуға жолдама»](#) деген жатақханың нөмірі, мекен-жайы, бөлменің нөмірі көрсетілген құжат келіп түседі.

Жауапты: әлеуметтік жұмыс бөлімінің жетекшісі – Смаилова Канат Кемаловна (тел.: +7 (7152) 493181 (доб. 1281), сот.: 87052370542, эл. почта: kksmailova@nkzu.kz, sandikalua@mail.ru, 1 корпус, 152 кабинет).

Жатақханаға алғаш рет орналасып атқан студенттерге уақытша тіркеу, жігіттерге әскери есепке тұру қажет.

«СҰҢҚАР» СПОРТ КЛУБЫ:

Университеттің спорт-бұқаралық жұмыс жүргізу үшін қажетті базасы бар: 3 спортзалы (екі ойын залы, 1 гимнастика залы), 3 тренажер залы, 1 күрес залы, гирь залы, тир, жүзу бассейні, коньки және шаңғы базасы, мини футбол спорт алаңы.

Университетте студенттердің денсаулығын нығайту және олардың дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталған спорт-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылады.

ЖОО-ның спорттық студенттік құрама командалары ҚР ЖОО студенттері арасындағы қысқы және жазғы Универсиадаларға қатысады.

Спорт секциялары:

- 1) Бокс
- 2) Волейбол (жігіттер)
- 3) Футзал
- 4) Қазақша күрес
- 5) Үстел теннисі
- 6) Баскетбол
- 7) Фитнес
- 8) Бодибилдинг
- 9) Жүзу
- 10) Бадминтон
- 11) Тоғыз құмалақ
- 12) Киокушинкай каратэ
- 13) Шахмат
- 14) Тяжелая атлетика
- 15) Президенттік көпсайыс
- 16) Гирь спорты Армрестлинг
- 17) Тайбокс (Муайтай)
- 18) Керлинг
- 19) Волейбол (қыздар)
- 20) Садақ ату

Секциялардың жұмыс кестесі СҚУ сайтының «Студенттік өмір» – «Спорт және денсаулық» бетінде орналастырылған.

Спорт секцияларына жазылу үшін «Сұңқар»спорт клубының жетекшісі Кудыкенов Айдарбек Кайсаұлына мына мекен-жайы: № 1 корпус, № 153, телефон: +7 (7152) 493181 (доб. 1114) бойынша жолығу қажет.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ПУНКТИ

Денсаулық сақтау пункті емдеу жұмыстарын жүзеге асырады: дәрігерге дейінгі көмек, шұғыл жәрдем көрсету, алғашқы диагностика, амбулаторлық емдеу; студенттердің жыл сайынға алдын алу медициналық тексеруін ұйымдастыру; студенттердің уақытында флюорографиялық тексеруден өтуін бақылау; санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Кабинеттер заманауи жабдықтармен жабдықталған: белгілердің автоматты проекторы бар офтальмологиялық комбайн, компьютерлік фороптор, саңылаулы шам, түйіспесіз компьютерлік тонометр және автокераторефрактометр, лор-құрылғы, аудиометр, «Тонзиллор» аппараты, пневмомассажер, «Электрокардиограф» аппараты, «Алока-3500» УДЗ аппараты, электрокоагулятор.

Денсаулық сақтау пунктінде келесі дәрігерлер қабылдайды:

- терапевт;
- гинеколог;

- оториноларинголог;
 - офтальмолог;
 - УДЗ-диагностикасы дәрігері;
 - функционалды диагностика (ЭКГ, ЭХО-КГ) дәрігері.
- Процедура және физиокабинеттер жұмыс істейді.

Терапевт-дәрігер – Сактаганова Салтанат Сатыбалдиевна, 10 корпус, Абай к., +7 (7152) 493266 (доб. 1104).

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ПҚ негізгі мақсаты – Университет студенттерінің психологиялық денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау, қиын және дағдарыс жағдаятқа шалдыққан адамдарға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық кеңес беру кабинетінің негізгі қызметі – психологиялық көмекке жүгінген тұлғаға (студент, оқытушы, ЖОО қызметкері) оның мәселелерін шешу, мақсатына жету, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге көмек көрсету.

Психологиялық кеңес беру кабинеті №1 жатақханың 103 аудиториясында орналасқан.

Кабинеттің жұмыс істеу кестесі: күн сайын 8:30 - 17:30, түскі үзіліс 13:00 - 14:00 ч., тел.: +7 (7152) 493035; +7 (7152) 493233, доб. 1155.

Психологиялық қызметтің жетекшісі – Моисеев Павел Юреевич.

М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ МҰРАЖАЙЫ

Мұражай тарихының қызметі – студенттер ортасында патриоттық сезімді тәрбиелеудің маңызды компоненті.

Жыл сайын тарих мұражайы жоспары бойынша барлық факультеттер мен Тіл және әдебиет институтының 1 курс студенттері мұражайға келіп, кафедралар, факультеттер, ЖОО-ның жетістіктерімен танысады. Бұл университеттің абыройын арттырады және оның дәстүрлерін нығайтады.

Сонымен қатар, ЖОО-ның ресми сайтының «Университет туралы» парақшасына кіріп мұражай бойынша виртуалды экскурсия жасауға болады.

Мұражай жетекшісі - Кожабекова Ботагоз Сапаровна, тел.: +7 (7152) 493233, ішкі 1302, kozhabekova71@mail.ru, bkozhabekova@nkzu.kz, мекен-жайы – Абай к., 16.

СТУДЕНТТІК КЛУБ

Студенттік клубтің қызметі шығармашылық орта, дарынды студенттерді табу, оларды дамыту және олардың талантын, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру, адамгершілік-мәдени, этикалық нормаларды қалыптастыруға бағытталған.

Студенттік клуб дарынды студенттік қауымның бұқаралық қызығушылықты арттырып, СҚУ студенттік шығармашылығының өздігінен жүзеге асырылу процесін дамытуды қамтыды.

Студенттік клубта келесі шығармашылық бірлестіктер қызмет етеді:

«Шанырақ» қазақ студенттер театры

«Шанырақ» студенттер театры 2001 жылы құрылған. 2009 жылы театр «Театр и бытие» фестивалінің гран-приін ұтып алды. 2010 жылы Алматы қаласындағы республикалық фестивальде F.Мүсірепов атындағы ЖӨКТ жүлде иегері атанды. Театрда барлық заманауи жанрлар (драма, комедия, трагедия және т.б.) қойылады.

«Пилигрим» халықтық студенттер театры

«Пилигрим» театры 1968 ылы құрылған. 1973 жылы театрға «халықтық» атағы берілді. Театр репертуарына «Страна слепых» (Николай Коляда), «Легенда о любви» (А. Иванов, О. Уальда «Рыбак и его душа» ертегісі) және т.б. кіреді. Сонымен қатар, театр жаңа жыл іс-шараларын ұйымдастырады.

«Кривое зеркало» халықтық студенттер театры

«Кривое зеркало» эстрадалық миниатюралар студенттік театры КТК командасының негізінде 1988 жылы құрылған. 1991 жылы театрға «халықтық» атағы берілді. Театр драма, шоу-программа, сахналық миниатюра, сонымен қатар, бөлек жанрлар эклектикасы бағыттарында қызмет етеді. Драмада әлеуметтік мәселелер мен жеке тұлғаның ішкі жан-дүниесі мәселелеріне арналған терең психология қойылымдарына назар аударылады.

«Антурнан» заманауи хореография ансамблі

«Антурнан» заманауи хореография ансамблі 1989 жылы Ирина Колоколова жетекшілігімен құрылды. Ол «Рандеву» деп аталды. Ол көп жылдар бойы дамып, әр түрлі қойылымдар ұсынды. Бүгінгі күні – бұл дарынды студенттік ұым, оның репертуары алуан түрлі, ол көптеген университеттік, қалалық және облыстық іс-шараларға қатысады.

«Антурнан» ансамблі қалалық, облыстық және республикалық конкурстар мен фестивальдерде жүлделі орындарды иеленеді. («Жас толқын», «Каблучок», «Студенческая весна» және т.б.)

КТК

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да университетішілік КТК лигасы бар. Ойындарорыс, қазақ тілдерінде өтеді.сәрбір факультет пен институттың өз командасы бар.

Студенттік клубтың қызметіне қатысу жайында Студклубқа жолығуға болады. Клуб 1 корпусының 109 аудиториясында орналасқан. Бас режиссері – Гумарова Зарема Хаджимуратовна, тел.: +7 (7152) 493181, доб. 1055.

«Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі

«Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі 1999 жылы ұйымдастырылды. Оның алғашқы жетекшісі – аға оқытушысы Мухатаева Ж.А., ол ұымның орындаушылық қызметінің бағытын анықтады: қазақ халқының кәсіби музыкасын тарату, көне қазақ халқы аспаптарын жаңғырту. 2004 жылы ансамбль жетекшілігі Ж.Кабдулбариевқа берілді, ол қазақтың көне аспаптарын: сазсырнай, адырна, сыбызғы, сақпан, қыл қобыз, шаңқобыз, дабыл, дауылпаз, асатаяк, туяктас енгізді.

Шығармашылық ұжымның репертуарында ұлы қазақ музыканттарының - Курмангазы, Даулеткерей, Дины, Сугура – күйлері және қазақ халқының сүйікті әндері (Ж. Мухатаева и Ж. Кабдулбариевөндеген) орындалады.

«Шертер» ансамблі 2008 жылы «Атамұра» қазақ мәдениетініңоблыстық фестивалінің лауреаты атанды.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ студенттік хоры

СҚУстуденттік хоры 1995 жылы құрылды, оның алғашқы жетекшісі – 15 жылдан астам еңбек өтілі бар Қырғыз еңбегі сіңген өнер қызметкері Колчин Юрий Викторович. 2010 жылдан бастап хорды хор орындаушылығының Республикалық конкурсының лауреаты Зеленый Александр Григорьевич басқарады.

Ұжым хор музыкасынуниверситетте және одан тыс жерлерде насихаттайды. Хордың репертуарында Қазақстан, жақын және алыс шет елдердің композиторларының туындылары: М. Төлебаевтың «Биржан және Сара», Ж. Бизені «Кармен» операсы үзінділері, Г.Свиридовтың «Курские песни» кантатасы орындалады. Еркектер хор тобы қазақ халқы «Ак сиса» әнін заманауи түрде орындайды. Репертуар үнемі классикалық туындылар, қазақ халқы әндері, әлем халқы әндері, эстрадалық-даз миниатюралармен толықтырылып әне жаңартылып отырады. Хор туындылары қазақ, орыс, украин, латын, неміс және басқа тілдерде орындалады.

2008 жылы хор астан қ. Хор музыкасының 2 Республикалық фестивалінің лауреаты атанды.

«Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, СҚУ студенттік хорына қатысу жайында «Музыкалық пәндер» кафедрасына жолығыңыздар. Мухатаева Жанар Аханғалиевна – магистр, E-mail: zhanar-muhataeva@mail.ru, zhamuhataeva@nkzu.kz. Тел.: +7 (7152) 493177, ішкі1103. Мекен-жайы: Пушкин к., 87, № 10 корпус, 505 аудитория.

Оқуға қатысты сұрақтар бойынша эдвайзер, факультет/институт деканы, мамандық бойынша тіркеушіге қатысуға болады.

Құрметті студент!

М.қозыбаев атындағы СҚУ-да алған біліміңіз Сізге болашақ жұмысыңызда және маңсап жасау жолында зор көмек көрсетеді. Уақытыңызды босқа өткізбей, сапалы білім алуға тырысыңыз. Жоғары сапалы маман атану үшін университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсене қатысу қажет. Бұл – күрделі және қызыққа толы жол.

Оқуда сәт сапар!